



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Егемендік – ең қастерлі ұғым

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа берілуге тиіс.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Президенті

Азаттық, тәуелсіздік, еркіндік. Ата-бабамыз сол жолда қандай нәубетті жылдарды өңсергені тарихта таңба басқандай хатталып тұр. Иә, біз бақытты ұрпақпыз. Бірақ бізге бүгінгідей бейбіт заманды, еркін қоғамда өмір сүруді аманаттаған бабалар ерлігі жадымызда мәңгі жаңғыруы тиіс. Біз қатарлы азаматтардың барлығы бірдей сол тәуелсіздіктің қандай бағалы екенін толық түсіне бермеуі мүмкін. Бірақ кешегі бодандықтың бұғауында күн кешкен алдыңғы буын ағалардың көбісі егемендіктің ең қастерлі ұғым екенін жақсы біледі.

Біз әріге бармай-ақ, сол тәуелсіздіктің алғашқы жылдарың, яғни тоқырау кезеңді өңсеруде де аз-кем еңбек жасалмағанын жақсы білеміз. Қарымды қаламгер Кенжеғара Сүлейменов ағамыздың «Тәуелсіздік сен еркінсің, енді ойыңа көлгенді жаса дегенді білдірмейді. Керісінше сенің осы тәуелсіз елде жасаған әрбір қадамың сол егемендіктің қадірін қаншалықты ұғынғаныңнан хабар береді» дегені бар еді, расында солай.

Әлеуметтік желіні аша қалсаң, «Осы біз егемендіктің қаншалықты қадірін түсіндік?» деген сауалдың жетегінде ой бағасың. Кешегі батыр бабалаларымыз «өз алдына дербес мемлекет болсын, ешкімге ұрпағым бодан болмасын» деп сол жолда қасын қаны қалғанына күресті. Ал біздің буыныңың ішінде сол бабалар қастерлеген кейбір рухани байлығымызды, салт-дәстүрімізді қорлап жатқандарды көргенде іштей қынжыласың.

Иә, бұл шексіз байлық бізге бірліктің арқасында келді. Ауызбіршіліктен ада болсақ, егемендік бізге арман болып қала беретін еді. Қазір де елдің ертеңіне сеніммен қарайық десек, бізге әлі де ауызбіршілік ауадай қажет. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтқан бізге дейінгілер ынтымаққа қатысты «бірлік



болмай, тірлік болмайды» деп деп басқан.

Осыдан 34 жыл бұрын, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан күллі әлемге өзінің тәуелсіздігін жариялады. Сырт мемлекеттерден бірінші болып біздің егемендігімізді мойындаған Түркия елі еді. Бұл – бар қазақтың жүрегінде сақталатын тарихи оқиға. Тәуелсіз мемлекет құрып, Қазақстан атын әлемге паш ете бастаған тұста дүние жүзінің түпкір-түпкірінде жүрген қазақтар да қуанды. Өйткені олардың тарихи Отаны, бабалар мұрасымен үндесіп жатқан атамекені Қазақстан еді.

Егемен елдің ертеңі бүгінгі жасаған ісімізден көрінетінін естен шығаруға болмайды. Ертеңгі ұрпақ Отанын қорғай алатын, туған елі мен жері үшін жанын пид а ететіндей азамат болсын десек, оларға бүгіннен бастап өзіміз бастамашы болуымыз керек. Тәуелсіз Қазақстанның экономикасы тұрақты, айбаты да осыған сай болуы тиіс.

Жерімізде көптеген пайдалы қазбалардың ошағы бар. Басқасын айтпағанның өзінде көмір, ұраң, мұнай өндірісі бойынша әлемде алдыңғы қатарлы мемлекеттердің санатынан табыламыз. Бұл да болса, пейілі кең қазаққа Құдайдың берген нәсібі болар. Бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз Орталық Азиядағы көшбасшы ел ретінде танылды. Посткеңестік мемлекеттер арасында да алдыңғы қатардан көрініп көледі. Ұзақмерзімді стратегиялық бағдарламаның арқасында бәсекеге қабілетті елдер қатарынан табылды. Осыныша уақытта еліміз жүріп өткен жол әлем назарынан тыс қалған емес. Тіпті елдік пен бірлікті басты бағыт еткен мемлекетіміз туралы әлемдік деңгейдегі саясаткерлер де өз пікірін білдірді. Бұл – елімізді әлем жұрты таниды, мойындайды деген сөз.

Бүгінде Қазақстанның дүниеге берері де, алары да мол Бейбіт саясат ұстанған Қазақстан көптеген ғаламдық шиеленіскен мәселенің шешімін табуда үлкен рөл атқаруда. Тәуелсіздік ал-

ғалы бері елімізде сан мыңдаған тарихи оқиға орын алды. Дүние жүзінің санаулы ғана мемлекеттерінде бар ғарыш айлағы Байқоңыр бізде орналасқан. Оның тарихы, қалыптасуы, дамуы түгел кестік кезеңде жүрді. Адамзат баласының алғашқы ғарышкері де осы жерден аспан әлеміне сапар шекті. Тәуелсіздік алып, егемендік еңшілегеннен кейін өзімізден шыққан ұшқышты ғарышқа ұшыру бақыты бұйырды. Бұл абыройлы міндет Тоқтар Әубәкіровке тапсырылды. Сөйтіп Тоқтар Әубәкіров қазақтан шыққан алғашқы ғарышкер атанды.

Осы күнге дейін титтей де бір жетістікке қол жеткізсек, соның барлығы егемендіктің арқасы деп білеміз. Өйткені тәуелсіздік біздің басымыздағы бағымыз ғана емес, сондай-ақ қызғыштай қорғайтын алтын тәжіміз болып қала береді. Сондықтан егемен елдің ертеңіне, жарқын болашағына тамшыдай болса үлес қосу – баршамызға ортақ міндет.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Құтқарушы Асанәлі

Түн тыныштығын тілген дабыл үні біреудің ұйқысын бұзса, біреудің үмітін оятады. Сол үнмен бірге өмір мен өлімнің арасындағы шекараға аттайтын жандар бар. Олар үшін уақыт сағатпен емес, секундпен өлшенеді. Жалағаш аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы, азаматтық қорғау майоры Асанәлі Арапбаев – сол жауапкершілікті арқалап жүрген азамат.

Тәуелсіздікпен бірге бой түзеген ол бұл салада тоғыз жарым жыл бойы ел тыныштығын күзетіп келеді. Оның әр жұмыс күні әрқилы басталып, амандықпен аяқталса, үлкен олжа. Өрт пен апат ол үшін дағдылы көрініске айналғанымен оған бейжай қарау мүмкін емес.

Кейіпкеріміз бұл жолға көздейсоқ келген жоқ, 2012-2016 жылдары Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау техникалық институтында өрт қауіпсіздігі мамандығын меңгерді. Әскери тәртіпке негізделген орта жас жігіттің бойына жинақылық пен сабырды, жауапкершілік пен төзімді сіңірді. Еңбек жолы инжнерлік қызметтен басталып, жылдар өте тәжірибесі мол маманға айналды.

Жылдар өткен сайын саладағы жүктеме да артты. Халық саны өсті, өндіріс орындары көбейді, техника саны еселенді. Соған сай он жыл бұрынғы көрсеткішпен салыстырғанда төтенше жағдайлар саны екі-үш есеге артқан.

Сонымен бірге сала да уақыт талабына бейімделді. Бұрын қолмен толтырылған журналдар мен қағаз есептердің орнын цифрландырылған жүйе басты. Ақпарат жедел шешім жылдам. Жауапты жолды таңдаған білікті маман дабыл үнін бұрыштың үніне, қауіппен беттескен сәтті ерліктің өлшеміне айналдыра білді.

– Қызмет барысында талай түрлі оқиғаға куә болуға тура келеді. Кейде өрттің салдары мүлік шығынымен ғана шектелмей, адам шығынына да алып келетін сәттер болады. Мұндай жағдайлар құтқарушы жаңдына өшпес із қалдырады. Әсіресе ауылдық жерлерде орын алған өрт кезінде тұрғындардың жеделдікке айтатын пікірі аз емес. Осындай сәттерде сабыр сақтап, тіл табысып жұмыс істеу зор моральдық әрі физикалық күшті талап етеді, – дейді білікті маман.



Жыл басынан бері өңірдегі тыныштықты сынаған жағдай аз болмаған. Бүгінгі күнге дейін 25 өрт оқиғасы тіркелсе, оған қоса 56 өртке жатпайтын жану дерегі анықталған. Жыл басынан бергі ахуал төтенше жағдайлар қызметінің мойнындағы жүктің жеңіл еместігін аңғартады. Ал әрбір сәндірілген өрт пен дер кезінде тоқтатылған жану – көзге көрінбейтін, бірақ қоғам тыныштығы үшін аса маңызды еңбектің нәтижесі.

– Бұл қызметті жеңіл деуге келмейді, кейде түнге ұласады. Бейлімде үш инспектор кезекпен тәуліктік жауапкершілікті алып, көз келген уақытта шақыртуға шығуға дайын отырамыз. Жұмыс кестесі сегіз сағат, бес күн болып көрсетілгенімен, күн сайын Төтенше жағдайлар департаментімен тағалымдама өткізіліп, қауіпсіздік талаптары мен тәуліктік міндеттер пысықталады. Негізгі мақсатымыз – табиғи және техногенді

төтенше жағдайлардың алдын алу, сондықтан әр тапсырма үлкен жауапкершілікпен орындалады, – дейді Асанәлі Әшімбаулы.

Егемендікке қол жеткізген сәттен бастап Қазақстан тек жаңа мемлекет құрып қана қойған жоқ, сонымен бірге ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұтас жүйені қалыптастырды. Биыл еркін елдің еңсесін тіктегеніне 34 жыл толып отыр. Тәуелсіздік таңымен бірге туған буын – тарихтың үнсіз куәгері ғана емес, сол тарихты жалғап келе жатқан тірек. Олар егемен елдің алғашқы қадамымен бірге есейіп, бүгін сол мемлекеттің қауіпсіздігі үшін қызмет етіп жүр. Бұл қызметте атқарылған істің көбі көпшілікке көріне бермейді, дегенмен сол үнсіз әрекеттер ел ішіндегі тыныштықты ұстап тұр. Бір қыз бен бір ұлдың әкесі кәсіби борышын міндеттен бұрын адамдық жауапкершілік деп қабылдайды. Қадам басқаннан бір бөлімде табан аудармай

қызме еткен оның еңбек жолы – адалдықтың айқын көрінісі. Қауіпті жағдайда батыл қимылдай білетін маманның еңбегі де елеусіз қалған емес. Азаматтық қорғаныстың мемлекеттік жүйесін нығайтуға қосқан үлесі үшін Қызылорда облысының төтенше жағдайлар департаментінің алғыс хатымен, бұрынғы «Нұр Отан» партиясы Жалағаш аудандық филиалы төрағасының алғыс хатымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің алғыс хаты табысталған. Бұған дейін де «Жыл құтқарушысы» номинациясымен аудан әкімінің марапатына ие болды. Тәуелсіздіктің құрда-сы, азаматтық қорғау майорының қоғам қауіпсіздігі жолындағы үлесі елеулі. Мұндай азаматтардың еңбегі кейінгі буынға үлгі болуы тиіс

Гүлжан ЕСЖАН

Мерей

Аймақта «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында еңбек адамдарының қоғамдағы рөлін айқындауға бағытталған «Еңбегі жанған арулар» атты салтанатты іс-шара өтті. Бұл бастама еңбек адамдарына көрсетілетін құрметтің жаңа үлгісіне айналып, қарапайым еңбектің қадірін арттыруды мақсат етті.

Еңбегі жанған арулар



Аталған шараны облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясы мен облыстық іскер әйелдер қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырды. Жиынның басты мақсаты – қоғам дамуына елеулі үлес қосып жүрген еңбек адамдарының еңбегін бағалау, олардың мәртебесін көтеру және үлгі ету.

Іс-шарада облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағамбет еңбегі жанған аруларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табыстап, олардың адал еңбегіне ризашылығын білдірді. Басқосуға қала мен аудандардан әртүрлі салада еңбек етіп жүрген әйелдер қатысты. Олардың қатарында қран жүргізушісі, сылақышы, балықшы, аспаз, көлік жөндеуші, тазалық қызметкері сынды жұмысшы мамандық иелері бар.

Марапат төрінен ауданның ауыл шаруашылығы саласының ардагері, механизатор Мариямқұл Қарабайқызы да бар. Ол 1956 жылы Жалағаш ауданының қазіргі Ақсу ауылында дүниеге келген. Аудандағы №150 кәсіптік-техникалық училищені және Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдаған. Еңбек жолын 1974 жылы Коммунизм совхозында (қазіргі М.Шәменов ауылы) тракторшы-механизатор болып бастап, кейін Ақсу совхозында комсомол ұйымының хатшысы, аудандық орталық кітапханада қызмет атқарып, зейнетке шыққан.

Іс-шара аясында делегаттар өңірдегі бірқатар әлеуметтік және өндірістік нысанды аралап, олардың тыныс-тіршілігімен танысты. Атап айтқанда, Отбасы орталығы, «Сыр жұлдыздары» академиясы, «Қызылорда нан» зауыты және облыстық музей нысандары таныстырылды. Ел дамуына үлес қосып жүрген еңбек адамын дәріптөуге бағытталған бұл тағылымды жиын көпшіліктің көңілінен шығып, әйелдер еңбегінің қоғамдағы маңызын тағы бір мәрте айқындады.

ҚР Тәуелсіздік күні қарсаңында ауданда Қазақстан Республикасы Президентінің №1089 Жарлығына сәйкес бірқатар көпбалалы анаға «Күміс алқа» мемлекеттік наградасы салтанатты түрде табысталды. Марапаттау рәсіміне аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, ардақты аналарды мерекемен құттықтады.

Аналар алқа тақты



Аудан әкімінің орынбасары ананың қоғамдағы айрықша рөлі мен ұлт болашағын қалыптастырудағы еңбегіне ерекше тоқталды.

– Сіздер отбасының түтінін түзу ұшырып қана қоймай, ел болашағы жас ұрпақты тәрбиелеу жолында өлшеусіз еңбек сіңіріп келесіздер. Алты бала дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелеп өсіру – зор жауапкершілік пен үлкен ерлік, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Салтанатты шарада Жалағаш кентінен Нұргүл Сұлтан, Әсем Еркебаева, Нұргүл Алмаханова, Аққұм ауылынан Ботагөз Қарибаева мен Гүлжайна Жамалова, Бұқарбай батыр ауылынан Айгүл Ешетова, Мәдениет ауылынан Гүлжазира Қозбағарова «Күміс алқа» төсбелгісімен марапатталды.

Е.АНУАРУЛЫ

Жыр арқауы – азаттық!

Тәуелсіздік

Еркіндігім. Қасиеттім. Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер, мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданыңа бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бөйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік, қош келдің!

Өзегімді өртке ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!
Алшаң басып жүре алмаса алты алаш
Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!
...Саған жету қиын болса қаншалық,
Сақтап тұру қиынырақ одан да!
Алла берген азаттықтың әр сәті,
Аманат қой, маған, саған, оған да!

Саясатқа сермей алмай семсерді,
Езгі күнге тері қылдым еңсемді!
Желтоқсанда жалын атып жастығым,
Құрсау болған темір қоғам төңселді!
Есте даңқы қыршындардың қалды ма,
Сөксен алты ерлігім бе-ей, ең соңғы!?
Уа, еркіндік, құның немен өлшенді!?
Уа, еркіндік! Құның немен өлшенді?!
Сені көксеп боздақтарым өлсе елді!

Сенсің менің ең гажайып өлеңім,
Ең шуақты, Ең шырайлы, ең шерлі!
Әр таңынды сүйіншілеп тұрайың,
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!

Қалқаман Сарин

Менің атым – Тәуелсіздік

...Алып қорғанның құлағанын көрдім,
Небары алты жасымда,
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
Бастарын сүйеп ғасырға.

Алып таулардың шайқалғанын көрдім,
Алты жасымда соны ұқтым:
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,
Ат төбеліндей халықтың.

Алып кітаптар торыққанын көрдім,
Сол сәтте-ақ одан безінгем,
Алып ойлардың қорыққанын көрдім,
Ең бір нәзік сезімнен.

Алып сағаттар тоқтағанын көрдім,
Өлшенді уақыт жаңадан,
Алып жүректер ақталарын көрдім,
Алты-ақ жасар баладан.

Алып құрлықтар төңселгенін көрдім,
Темір бұғаулар тозғасын,
Алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім,
Империяның көз жасын!

Алып мұхиттар толқығанын көрдім,
Бір тамшы суға байланып,
Алып төждердің балқығанын көрдім,
Елтаңбаларға айналып.

Алып мүсіндер қирағанын көрдім,
Сұлаған жаудай жебедең,
Алып саналар жиналарын көрдім,
Тұрғызу үшін жаңа өлем!

Құрыштардың да шірігенін көрдім,
Сен боса, болат, тас егіл!
Темір шымылдық түрілерін көрдім,
Сахнаға шықты жас өмір!
Алты жасымда!
Жылаған жоқпын, сұраған жоқпын анамнан,
Сол күні жаңа әнұран айтып оралған,
Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз
айтып шыққанын
Ұл жайлы Күннен жаралған.
Түсінбесем де тыңдаймын,
Оныс да оны жесірлік салған жасытқан еді мұң-қайғы...
Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,
Аңыз ұнаған Жаралған Күннен Ұл жайлы!

Деген де шығар «бодандық жайлы білмесін»:
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл көшір!
Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта
мектепте,
Ұлына бірақ айтпапты кісең, құлдық пен
түрме бүргесін.

Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездiкті,
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол көздікті,
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,
Ол білкім, менен Сөз күтті!

Ал бүгін енді тарихты өзім білемін,
Жолдарды сезем жонарқаменнен
мыңжылдар өткен ұлы өлім.
Ұлылық жайлы ойлайды басқа жал-жас шақ,
Ұлы қорғандардың күйеуін көрген жүрегім.

Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың! ...
Тәуелсіздік ше? Ол – менің тегім, ұлдарыма
оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен, ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!!!

Ерлан Жүніс

Қазақстаным!

Бір Алла атты төңдессіз ғажап Ұстаның,
Бойына жиган имани тазалық нәрін.
Төріңе қанша төңсе де қара дұшпаның,
Болашағы үшін бастарын бөйгеге тігіп,
Қорғады сені серт беріп сан Арыстарым.
Қазақстаным!
Төңдіріп тағы басыңа қара бұлттарың,
Тарихтан білем ұлтымының жан ауыртқаның.
Ұрпақтарыңның былғаған балалық шағың,
Қариялардың ұрлаған даналық шамың,
Замандар да өтті-ау, жататын тоналып бағың.
Қазақстаным!

Өмір-өзенің бұлқынған допы ағыстарың,
Елең де қылмай, еңкеймей, алабұртпадың.
Қап-қара жерге қып-қызыл көп ағып қаның,
Ақырып төңдік сұрап ең, Алашынды айтып,
Ақыры келіп қолыңа жалау ұстадың.
Қазақстаным!

Босатып тордаң, зарыққан дала құстарың,
Алдыңнан атты нұр шашып, ағарып таңың.
Соның үшін де қолыма қалам ұстадым...
Жүрегімменен жүремің үнемі сезіп,
Бойыңда сенің асқақ рух, дара күш барын.
Қазақстаным!

Алмат Исәділ

Қазақ

Алпыс екі тамырымда ой балқып,
Өлең аңқып өзегім.
Кешегімнің күлгін сәулелі іздерің,
Бүгінгімнің күрсінісінен іздедім.

Көкірегімде ақ раушан бүр жарып,
Бір Аллаға жүгіндім.
Сайтан билеген санаға іштей дұға оқып,
Күнәлі ісіне үгілдім.
Тұманнан тұнған тамшыдай мөлдір болса да,
Кірпікке ауыр мұң ілдім.

Кеше... Көудемде Күн тұтылып,
Жанарымда Ай қорғалап,
Кемейімде үнім тұңшығып,
Самайымнан сорым сорғалап,

Таңдайымда тілім бұралып,
Жылт-жылт еткен жылтыр сөзбен мақталып,
Өзімнен шыққан сасықтың сыбырымен сотталып,
Арсыз саясат арлы жанымды шайнаған!
Әдет-ғұрпым өміріне тапталып,
Аңғалдығымды айласына байлаған,
Түйсігімді түрмесіне қамаған!
Күліп тұрып, күңіретіп,

Қасиетімді қанаған –
Ей, тәубәсіз тоталитарлық тор қоғам,
Имансыз идеологияңа түкірдім,
Ибалы жұртты арбаған!
Қызғаныштың жиірен демінен жаралып,
Менің Ұлттық Ар-Намысымды қорлаған,
Сенің сайқал саясатыңның шатасы —
Қызыл жағалы итақайын айтақтап,
Обалымның бет ауызын қанатқан,
Боздақтарымды талатқан.

Көз алдымда көзін ұқалап жетім мұң,
Өткенімде өшім кетіп өкіндім!
...Бақ тілеп мына нұрлы да нұрлы ғаламға,
Баталы байтақ даламда,
Құдаймен ғана дос болып,
Сабырым тұнған санамда –

Мен – Қазақ деген ақынмын!
Сепіз қырлы өткір сөзіммен
Адырнасын тартып ақылдың,
Адыра қалғыр арам пыйғылға ақ жебе болып
атылдым!

«...Азаттық» деп аппақ тілекпен,
Ұлы далалық жүрекпен,
Абақтыдан айқайлаған арыммен,
Желтоқсанның қар-мұзындай ызғарлы,
Қан сасыған сан ғасырдың табымен,
Көкшіл түнде көкке ұмсынған Тәңірлі,
Көк бөрінің зарымен.

Жан дүниемнің жасын жаңбырын селдетіп...
Соқыр заман мен Ақырзаманның арасың,
Өлеңімнің музыкасымен тербетіп,
Жалап жазып жүрегімнің жарасын,

Елім деген есті үмітке елжіреп,
Көк байрағым желге қарсы желбіреп!
Ауызымда аласұрып қызыл тіл,
Тәуелсіздігіме сүйініп,
Таңдайыммен табынып,
Маңдайыммен иіліп,
Қан майданда қаным сіңген топырағымда тебіреніп,
Уай, Әділет! Алдында,
Теңіздей толқып сөйледім!!!

Бауыржан Қарағызұлы

Тәуелсіздікке тәу ету

Ағыл да тегіл арындап арман ағысы,
Бүтіндеп бойын бүрленді бүкіл бақ іші.
Жанданып жатыр жарасын жалап жазатың,
Табаңын түзбен тоздырған түздің тағысы.
Қағанаттардан Қазақстанға жеткендей,
Қамшы салдырмас қазанаттардың шабысы.

Айбаты асқақ арыстандайын алыстым,
Абылай болып жаныштым мысын Шарыштың.
Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбек –
Алты алаш үшін құрбаны болған Намыстың.
Қайрат пен Ербол, Сәбира, Ләззат көз жұмған,
Желтоқсандағы ызғарлы желмен қағыстым.

Дүние жүзі мойындап тұрған Барыспың,
Қайтпас та қайсар қазақ атыммен таныспың.
Ғылымда шыққан биігін өлем құптаған,
Марғұлан Әлкей, Имантайұлы Қаныштың.
Төріне барып келсе де сонау ғарыштың,
Текті ғой жұртым тәубесін білген табыстың.

Самалы ескен Мұғалжар, Ембі, Тұранның,
Сарыарқа төсін шарлаған қайсар Қыранмың.
Еркіндік құрған жеріме төнген қатерге,
Естірткен үні жаңғырып шыққан ұлармың.
Сан ғасыр бойы иыққа тіреу іздеген,

Сан алуан ұлттың саясы болған шынармын.

Тіні мен тілің, діні мен ділін сақтаған,
Түпкілік тегім – Көк Түрік, Ғұн мен Сақ бабам.
Тарихын тасқа қашаған ұлы Күлтегін,
Мұрасын мәңгі санаға құйып жаттаған.
Өкені Таудай, ананы Күндей көретің,
Халықпыз дана баланы балдай баптаған.

Қасиет тұнған, құт қонған мекен – аймағым,
Қастерлеп дәйім ұйытқан бірлік қаймағың.
Терезесі тең төрт құбыламды сайладың,
Астанам – айбың, айдыным менен айбарым!

Ерлігім, есіп ерлігім бойды қуаттап,
Тік ұстап келем Тәуелсіздіктің байрағын!

Ұмытылмайды өткізген зарлы, шерлі күн,
Ұрпаққа мирас етерде осы теңдігін.
Ұлықтай берем арыстарымды азаткер,
Ұлы Даламның аманаттаған кеңдігін.
Мерейің тасып, мәртебен өссін, өрелім,
Мызғым, жұртым, Мәңгілік болсын елдігің!

Ерлан Ахмет

Тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы

Тағдыр бұйыртқан тарих жобасымен сан ғасыр еркін өсіп, еркін дамып келе жатқан Ұлы дала, бүкіл түркі жұртының қасиетті астанасы Түркістан аймағы азаттықтан айырылып, тәуелді бұғауға түсіп, отаршыл саясаттың өктем езгісі мен өзгеше озбырлығының бар қиыншылығын көріп келе жатқанда 1917 жылы ақпан төңкерісінде ІІ Николайдың тақтан түскені Алаш ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілерін ерекше қуантқан еді. Әлихан Бөкейхан, Мұстафа Шоқай, Міржақып Дулатұлы үшеуі Алаш баласынан былайша сүйінші сұрап: «Азаттық таңы атты. Тіпекке құдай жеткізді. Күні көше күл едік, енді бұ күн теңелдік» деген мазмұнда хат жолдады. Бұл осы жылғы «Қазақ» газетінің №225 санында жарияланды.

Орыс демократтарына сенімнен өз партиясы бағдарламасының жобасында Алаш жетекшілері «Қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні езінде болып, Ресей республикасының федерациялық бір азғасы болуы» атап көрсетілуі себепті әзірше автономиямен шектелген болатын. Осы ұстанымға берік Мұстафа Шоқай Қоқанда орнамақ мемлекеттік құрылым туралы мәселе күн тәртібіне қойылғанда оның автономиялық формасын қызғыштай қорғады. Алайда билікке келген большевиктер «әр мемлекеттің іргесі бөлек, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді» дегенді қауіпті санап, барлығы 64 күн өмір сүрген Түркістан Мұқтарыянтын жойды.

Саяси сахнаға келген кеңестік жүйенің саясатынан шетелге кетуге мәжбүр болған, оның табиғи болмысына әбден көзі жеткен Мұстафа Шоқай 1921 жылы мамырда Еуропаға, әділеттілік пен заңдылықтың, демократия мен ашықтықтың, бостандық пен еркіндіктің орталығы, эмигранттардың екініші отаны Францияға жетіп, Парижде орналасқаннан соң ұлт-азаттық күрестің мақсатын қайта қарап, басқаша шешімге келді. 1923 жылы Париждегі «Orient et Occident» журналында француз тілінде жарық көрген «Ресей саясаты және Түркістан ұлттық қозғалысы» деген мақаласының «Түркістанның тәуелсіздікке қарай бағытталуы» атты соңғы бөлімінде бұрынғы автономия бағдарламасын ұлттық тәуелсіздік бағдарламасымен ауыстыру туралы жазды.

Сөйтіп, 1929 жылы желтоқсан айынан 1939 жылдың тамызына дейін Берлинде шығып, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының жалынды түзі болған «Яш Түркістан» журналының тұңғыш санында жарияланған «Біздің жол» атты алғашқы мақаласында Мұстафа Шоқай: «Біз, Түркістан тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз. Түркістандықтарда бұдан басқа жол болмаған. Қазір де жоқ және бұдан соң да болмайды» деп кесіп айтумен шектелмей, бұл ойын «Большевиктер «Түркістан республикалары түрі – ұлттық, мазмұны – пролетарлық деседі...Ал біздің мұратымыз – Түркістанда түрі жағынан да, мазмұны жағынан да ұлттық болатын мемлекеттік құрылымға көл жеткізуг болмақ. Сонда ғана халқымыз өз жерінің нағыз қожасы бола алады» деп түіндейді.

Мұстафа Шоқай «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген көлемді мақаласында Түркістанның тәуелділі үшін себебін былайша айқындады: «Кеңес үкіметінің «ұлттық саясаты» – басынан аяғына дейін ұлттық езу, қанау саясаты. Түркістандағы «ұлттық республикалар» дегеніміз – «сырты жылытар, іші қалпытар тұрған» мәнісіз, мағынасыз бірденелер екенін кеңес баспасөзінің өзі де теріске шығаруға дәрменсіз». Сол себепті Түркістан халқы большевиктердің жекелеген саясатына ғана қарсы күресіп жатқан жоқ, «орыс пролетариаты билігінің» тұтас жұмесіне қарсы күресіп келеді» деп жазды.

Тәуелсіздік үшін күрестің амал-тәсілдері де Мұстафа Шоқай жеткілікті көңіл бөлді. Осы бағытта қысқа ғана болса да, өзінші саяси мазмұны жағынан аса бір маңызды 1931 жылы жарық көрген «Алған бағытымыз айқын болсын» деген мақаласында орыс демократтарының саяси жарамсыздығынан Ақпан төңкерісінен өштеңе шықпағанын, Ресейде үстемдік құрған большевизмнің тек орыстарға төн екенін орыс демократтарының көрнекті тарихшы ғалымы П.Н.Миллюковтың өзінң де мойындағанын айта келеді: «Сол себепті біз миллиондаған тұрғын бар Ресеймен күресте жеңіске жеткізетін ең тура, ең тиімді жолдар мен тәсілдерді таңдап ала білуіміз керек» деді. Мұны айтумен шектелмей автор: «...Біз өзімізбен тағдырлас және өзіміз сияқты ұлттық тәуелсіздікке ұмтылып отырған халықтармен тізе қосып, күш біріктірудің жолдарын іздестіруіміз пәзім. Біз тек Еділ Орал, Қырым, Әзірбайжан қатарлы өз бауырларымызбен ғана тығыз байланыста болып қоймай, Кавказ халықтары, Украина және орыс казактарының тәуелсіз мемлекет құру жолына түскен бөлігімен ұйымдық тұрғыдан да, жеке тұрғыдан да тығыз байланыстар орнатуымыз қажет» деп күрес ауқымын кеңейте және қуатын арттыра жазды. Мұның себебін Мұстафа Шоқай ұлттық қозғалыстың жастығымен, ұлттық ұйымның буыны беки қоймағанымен, «ұлттық бірлік» төңірегіне топтасқан түркістандықтардың, алған бағытының айқын, басқан қадамының анық, қимылғының ширақ бола алмай келе жатқанымен түсіндіріп, мақаласын «Біз өзіміздің барлық іс-қимылдарымыз бен бой көрсетуімізде Мәскеудің қазіргі және ертенгі диктатурасына қарсы күрес майданына жұмылған ынта-жігерімізді аз да болса басқа жаққа бұратындығы ешбір іске бармауымыз тиіс. Алған бағытымыз айқын болсын ағайын!» деген жалынды сөздермен аяқтады.

Кеңестік Ресейдің үстемділігіне қарсы күш біріктірудің қажеттігін жақсы сезінген, бірақ мұндай күшті біріктіру қажетті деңгейде жүзеге аспай отырғаны туралы бұрынғы ойларын жалғастыра түскен, 1932 жылғы жарық көрген «Шептерімізді біріктірейік» деген мақаласында Мұстафа Шоқай

ұйымдардың бытыраңқылығын, араларында жүйелі байланыстың жоқтығын, күштерді біріктіріп, бір мықты ортақ ұйым құрудың қажеттігін атап көрсетіп: «Бұл орталыққа біріккен әрбір ұлттық ұйым өз дербестігін сақтай отырып, сонымен қатар орыстың большевиктік немесе большевиктік емес империалистеріне қарсы күресте біздің ұлттық бірлігімізді қамтамасыз ететін болады» деп жазды. Бұл ойлар ары қарай пысықталып, мақала: «Біз, орыс жерінен» бөлініп тәуелсіздік үшін күресуші ұлттар, күшімізді біріктіріп, қатарымызды нығайтайық» деген сөздермен аяқталды. Осы жылы жарық көрген келесі «Шептерімізді біріктіру жақында» атты мақаласында 1918-1921 жылдары орыс империясы қарамағындағы орыс емес өлкелерде басталған ұлт-азаттық қозғалыстардың мақсаттарының ала-құла болуынан, берік бірлік орната алмағандықтан бодандыққа түскенің, сонымен қатар басқа да себептердің болғанын айта келіп, Мұстафа Шоқай қазір барлығы үшін ортақ мақсат барлығын, ол тәуелсіз ұлттық мемлекет құру екенін атап көрсетті: «Жауымыз күшті. Ол біздің барлық өмірлік мәні бар болындарымызды өз қолында ұстап отыр... Сол себепті біз армандап отырған мақсатымызға жетудің бір ғана жолы бар десек, ол жол – тәуелсіздік жолындағы барлық күрескерлердің күш біріктіруі».

Осылай Мұстафа Шоқай өзі көрген, елден жеткен материалдарға кеңестанұлық ғылым тұрғысынан талдау жасап, баға беріп, бұл бағытты жаңа интеллектуалдық көңікке көтерді. Бұған оның шетелде, Францияда болғаны айрықша мүмкіндік туғызды. Ол көтерген мәселелерді елдегі басқа Алаш жетекшілері білмеді емес, жақсы білді. Алайда қатал цензура олардың аузын аштырмады, сөздерін баспасөз бетінде бастырмады.

Осы сәтте қағидатты бір мәселеге назарларыңызды аудара кетейік. Мұстафа Шоқай Ресейді сынағанда оны орыс халқының Отаны ретінде емес, патшалық билік пен кеңестік жүйенің орталығы болғаны, олардың ұлттық саясаттарының әділетсіздігі үшін сынады. Халыққа қарсы емесің, халықты басқарып отырған басшыларға қарсы сөзбен күресетінін айта келеді: «Біз барлық халықты құрметтеуге тиіспіз. Мемлекет үшін бір халықтың өзге халықтан айырмасы жоқ, Географиялық жағдайымыз да Ресеймен достық және бейбіт қатынаста болуымызды талап етеді» деп жазды.

Мұстафа Шоқай Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрестің себептері мен амал-тәсілдерін көрсетумен бірге оның түпкі мұраты ұлттық мемлекет болғанын кейінгі көптеген шығармаларына өзек етті. «1937 жыл» деген мақаласында былай деп жазды: «Біз халқымыздың құқығы үшін, ұлттық мемлекетті құру сәтін жақындату үшін күресеміз. Біз ұлттық мемлекетімізге қол жеткенін көріп қана қоймай, оны құру істеріне де қатынасқанмыз келеді. Бұл үміттер мен армандардың орындалуына ешқандай шүбө келтірмейміз, сонымен қатар сол бір бақытты күндердің өзіміз ойлағандай тез жақындамауына байланысты туған ұйымымызды да жасырмаймыз» дей келе Мұстафа Шоқай: «Сол үшін де біз барлық күш-қуатымыз бен ақыл-парасатымызды атамекеніміздің азат болатын күнін жақындатуға бұдан былай да жұмсай беретін боламыз» деді. Бұл сөздердің арғы жағында қаншама ойлар, қаншама сөзім күйлері жатыр десеңші!

Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық мемлекет, оларға жетудің жолдары туралы ойларын кеңірек түсіну үшін Мұстафа Шоқайдың 1936 жылы Берлин радиосынан Түркістан жастарына арнаған сөзіне арнайы тоқтағанды жөн көріп отырмыз. Таспаға жазылған, үні айтық, әрбір сөзі өмірдің оғындай ондыққа дәл тиетің, идеялары жүрепін мен сезімдімді жаулап алып, ерекше күйге түсіретін бұл мәтін мынадай болатын «Түркістанның мақсаты – өзінің құрылысы миллет (ұлттық) – (Ә.Б.) үкіметін құрып, дербес болып, өз алдынша бір өкімет болып тұру. Халқы көптен бұл жұмысқа алысып, шалысып, қан төгіп, соғысып келеді. Ұмітіміз зор, мемлекетіміздің келешегіне иланамыз» дей келіп, болашақ мемлекет үшін күрес келесідей керемет сөздермен бейнеленді: «Біздің құбыламыз – өзіміздің атажұртымыз, өлкеніміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан бөру бәрімізге бір мақсат, бір мұхаббат уезифа болмақ. Мұны ұмытпау керек! Түрік халқы – батыр халық, түрік халқы – арыстан, ер халық». Шіркін, бұл сөздер әрбір қазақтың үйінде болып, отбасының ұлттық рухын көтеріп тұрса, артық болмас еді.

Бұл ой-идеялардан шығар қорытынды, тәуелсіздікті тереңірек түсінбейнше, мемлекеттің ұлттық сипатын барынша айқындап алмайынша, ұлттық мүдде тұтас шешіле қоймайтынын, оған деген көзқарас та толық қалыптаса қоймайтынын аян. Сол себепті бізге «бұл ең бірінші кімнің мемлекеті, алдымен кімнің «соғылын соғып, жұртысын жұртуымыз» керек, кімнің мүддесін қорғауы қажет?» деген тұрғыда ойлана түскен орынды. Өйткені еркінетті елдер тәжірибесі алдымен мемлекет құраушы ұлттың идеяларын, мүдделерін шешеді. Бұл екінші жағынан басқа этнос өкілдерінің мәселелерін шешудің алғы шарты болмақ.

Мұстафа Шоқайдың ұлттық мемлекет құру мен оның дамуында айрықша рөл

атқаратын саяси партия, парламент туралы да тамаша ойлары бар екенін алайда уақыттың тарлығымен байланысты және адамзат қоғамы үшін аса мәнді ұлттың зиялы қауымы туралы ой-пікірлеріне тоқтай кеткенді жөн көрдік. Бұл тақырыпқа «Ұлттық зиялы», «Ұлттық зиялы жөнінде» деген арнайы мақалалар жазды. Көлемдері жағынан бас-аяғы 8 беттей болғанымен бұлардың көтерер жүгі салмақты, айтар ойы терең, берер тағылымы мол.

Ұлттық мемлекетті құрайтын, ұйымдастыратын және оның негізі халық болса, оның көшбастаушысы зиялы қауым болып саналады деп ұғынған Мұстафа Шоқай «Ұлттық зиялы деп кімдерді айтамыз?» деген сұрақты тікелей қюодан басталатын «Ұлттық зиялы» атты мақаласында бұған дұрыс жауап қайырудың шын мәнісінде оңай емес екенін атап көрсетеді де, оқығанның барлығын олардың біліміне қарап, зиялы деуге болмайтыны сияқты, белгілі бір ұлттың өкілі болғанына қарап, оны сол ұлттың зиялысы деуге болмайды дейді. Сонан соң белгілі бір ортақ идеяларды жете ұғынған және сонымен өзара байланысқа түскен білімділерді зиялы, ал саяси, қоғамдық немесе мәдени салалардың қайсысында болсын өз халқына қызмет ету идеясын терең ұғынған зиялыны ұлттық деп санады.

Зиялы қауым өкілдері қоғамның кішігірім әлеуметтік тобын құрайтынын, оның өз ұлтының терең парасатын, шығармашылық қабілетін жария етушісі, жақтаушысы ғана емес, сонымен бірге оның адамгершілік, мәдени, рухани үлгісі (эталон) болып саналатынын терең түсінген Мұстафа Шоқай Түркістанның азаттығы үшін күресте халықтың саяси, әлеуметтік бірлігі ұлттың зиялыларының болмайтынын жақсы білді. Сондай-ақ халық бұқарасының, зиялы қауымының ой-тұжырымдарымен келісе алмаған биліктің де тағдыры тұрлаулы бола алмайтынын өмір көрсетіп келеді.

Мұстафа Шоқай туған елінің азаттығы, мемлекетінің тәуелсіздігі үшін күресетін саяси қайраткерлер туралы, олардың тамаша ісілік қасиеттері жөнінде де тағылымды есиеттер жазды. Шынында, мемлекеттің саяси сипаты да, әлеуметтік әлеуеті де оның тікелей басшысына байланысты болатынын тарих талай дәлелдеді. Сондықтан Мұстафа Шоқайдың «Біз саяси қайраткерлерді оның ұраңына қарап емес, іс-қимылына қарап бағалаймыз» деуі де, Алманияның мемлекет қайраткері Бисмарктің «Әкімшілігінен ынсап кеткен жерде заңнан қайыр жоқ» деген сөзін мысалға келтіруі де тегіннен-тегін емес еді.

Дана қазағым «елу жылда ел жаңа» дейді. Ал оның ілгері дамуы көбіне билік маңайындағы лауазымды азаматтарға, олардың адамгершілік, халықты ұйыстыра білу, биік жауапкершілік сияқты қасиеттерді қастерлеп білуіне байланысты. Бұл сондай-ақ бүгінгі нарықтық қатынастың тиімді қырын терең түсінуге де қатысты. Алаш жетекшілері біз батыстық (нарықты айтқаны) жолды таңдаймыз, алайда оны өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдаймыз деген еді. Біз ислам дінін де өзіміздің тұрмыс жағдайымызға қарай қабылдаған болатынымыз. Менің айтпағым, қазір басқару ұйымдарына дайындайтын лауазы аналдарының аздығы байқалады.

Мұстафа Шоқай Түркістандағы «Ұлттық тәуелсіздік» және «Ұлттық мемлекет» үшін күресті тікелей халықтың ұлттық рухымен байланыста қараған болатын. 1931 жылғы жарияланған «Большевизм – түрікшілдіктің жауы» деген мақаласында «ұлт тәуелсіздігі» ұғымын халықтың ұлттық рухынан ажырасыз деп қарап, олардың себебін, даму үдерісін түсіндірді. Мәскеу саясатының мәні халқымыздың ұлттық сана сезімін тұншықтырып, оның қандай да бір көріністерін жол бермеу, түрікшілдіктің белгілерін түбірімен құрту, ұлттымыздың өзіне төн рухани әлемін суалтып, оның орнына орыс пролетариатының рухын орнатпақ болып отыр деді. Сондықтан бар ойың, идеясын былайша тұжырымдады: «Ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігі болуы мүмкін бе? Тарих ондайды көрген жоқ та, білмейді де. Ұлт азаттығы – ұлттық рухтың нәтижесі. Ал ұлттық рухтың өзі ұлт азаттығы мен тәуелсіздігі аясында өсіп дамыды, жеміс берді».

Егер өзгеге тәуелді болғысы келмеген, өзінің мекемелеріне ие, өз дербестігін өзі қорғай алатын және өзінің мүддесі үшін жылынған халықты ұлт дейтін болсақ, рух халықтың өзі-өзі таныуын айқындайтын, ескелең арман-мұраттарын сипаттайтын, елдің тұтастық идеясына негізделген өміршен күш-қуат болып табылады. Қай халықтың болсын бойындағы өз табиғатына төн тілі, діні және ділі-ұлттық рухымен еш ажырасыз, тікелей байланысты болады.

Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» деген тамаша өсиеті де бар. Осы бір қысқа ғана пікірді кеңірек ойлаң, тереңірек көз жіберсек, онда бүкіл бір ұлттың тағдыры жатқанын байқау қиын емес. Қай халқы болсын оның басқадан мықтылығы ұлттық рухына, оның негізін болып саналатын ұлттық тіліне байланысты екенін терең түсінген Мұстафа Шоқай ұлттық тілімізге байланысты бірнеше мақала жазды. Олардағы ой: «Орыс большевиктері социализмді желуе ете отырып, енді ек-үш жыл ішінде біздің ана тіліміз – түрік тілін өзінің

тарихи құқығынан мақұрым етуді көздеп отыр» дегенге саяды. Бұл пікір ұлттық тілдің халқымыздың өмірінде ерекше мәнге ие екенін байқатады. Алайда «Қазақ әдебиеті» газетінің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі санындағы «Тіл тілді өлтірмейді, сөйлеуші өлтіреді» деген мақаладағы: «Соңғы 10-15 жылдың көлемінде орыс және ағылшын тілдерінің әсерінен қазақ тілінің әдеби нормасына едәуір салмақты залал келген тіл жанашырларын алаңдатып отыр» деп газет ұрпақтарымыздың өлі өз тілін меңгермей, басқа тілдерді оқуы теріс тірлік екенін көрсетіп отыр.

Осыдан 35 жыл бұрын қабылданған «Қазақстанның егемендігі туралы декларация» еліміздің егемендігінің есегін ашып, 1991 жылғы 16 желтоқсанда жарияланған Тәуелсіздіктен бастау алады. Осы күні қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заң Қазақстан Республикасы – тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет екенін салтанатты түрде жарияланды. Әлемнің саяси сахнасына жаңа тұрпатты мемлекет келгені мәлім етілді. Халқымыз үшін бұл қайта туған, жанарудың бастау алған күні болды. Сөйтіп Мұстафа Шоқайдың шетелде жүріп: «Біз күл болып тұра алмаймыз. Біз ұлт-азаттығымызды аламыз» деген сөнімі мен арманы 60 жылдан кейін шындығымызға айналды.

Тәуелсіздік бізге не берді? Ең бірінші, біз сыртқы тікелей ықпалдан арылып, көрші елдерімен терезесі төп қарым-қатынас орнаттық. Содан соң халқымыздың бірлігі мен көп этносты Қазақстанның тұтастығы мемлекетіміздің сара саясаты болып отыр. Еліміздің саяси саралануы да, әлеуметтік ахуалының артуы да, экономикасының дамуы да осы парасатты пайымға тұрақты негізделіп келеді. Соның арқасында бүгінде Қазақстан әлемдік қауымдастықта өзіндік орны, саясаты айқын мемлекетке айналды.

«Тәуелсіздік» деген ұғымының мағынасы кең, мәні терең, бұл ең бірінші бостандық, азаттық, яғни басқа біреуге, бір елдің екіншіге тәуелді болмай, азат болуы дегенді білдіреді. Ал әрі қарай тарқатсақ, бұл бостандық жергілікті халықтың тілінен, дінінен, ділінен, яғни рухани дүниесінен бастау алып, ұлттық мәдениеттің еркіндігі, мемлекеттің саяси және экономикалық құрылымдарының азаттығын қамтиды. Сондай-ақ Тәуелсіздік ұғымы мұнымен шектелмейді, бітпейді. Бұл жеке адам үшін мақсаттарды, міндеттерді және оларға жету әдістерін өз бетінше оқуы жауапкершіліктен анықтауды, қоғам алдында тұрған ортақ мұдделерді шешуде белгілі бір мінез-құлықты таңдау еркіндігін қажет етеді. Сондықтан біз ұлттық рухпен, ұлтшылдықпен, халықтың саяси санасыммен, шынайы әлеуметтік еркіндігімен, қоғамдағы демократиялық үдеріспен, құқықтық сауаттылықпен, тағы басқа толып жатқан ұғымдармен тікелей тағдырлас, бағыттас, ажырамас тұтастықтағы «Тәуелсіздік» сөзінің аса қасиетті мәнін тереңірек әрі кеңірек түсініп жатсақ, ұтқанымыз көп болар еді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: «Тәуелсіз ел болу оны жариялаумен емес мемлекеттің іргетасын қалаумен шектелмейді. Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі әдіекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады. Біз қуатты тәуелсіз мемлекетімізбен ғана ұлт ретінде жер бетінде сақталамыз. деп алдағы мақсат-міндеттерді айқындап берген болатын.

Бұл сөздер біздің бүгін тұғендейтін де, тыңнан іздейтін де мәселелеріміздің жетерлік екенін байқатады. Сәл ойланайықшы. Сан ғасыр аңсап жеткен тәуелсіздік, шын мәнісінде, өзінің толықтығына мәніне ие болуы үшін барды жасай алдық па? Тәуелсіздігіміз тұғырлы болуы үшін алда өлі не істеуіміз қажет? Осы мәселелерді әрбір қазақстандық, ең бірінші өзіміз, осы жердің, елдің иеселі терең де қатты ойланғы қана қоймай, осы ұлы мақсаттар үшін батыл күресуімізді де керек дегіміз келеді. Сондай-ақ еліміздің алдына бүгін нақты қойылып отырған еділетті нәж хана Қазақстан құру мәселесі – өте өзекті ғана емес, әрбір қазақстандықтың тікелей міндет-мұраты. Бұл ұшынғы ұлттық идеялар мен ұлттық мүдделерді жалпы мемлекеттік деңгейге көтеруді қажет етеді.

Мұстафа Шоқайдың саяси қызметі мен шығармашылық мұрасының мәні мен мазмұнын құрайтын міне, өздеріңіз көріп отырғандай, «Түркістан», «Автономия», «Азаттық», «Тәуелсіздік», «Ұлттық мәдениет», «Ұлттық рух», «Ұлттық тіл», «Ұлттық бірлік» және «Ұлттық мемлекет» сияқты терең мәнді тамаша ұлттық идеяларсыз түсіне алмаймыз. Бұл ұғымдар тұтас, бірінсіз бір қөеді, бірі жетім деіміз. Сондықтан ұлы тұлағын тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы айтқан телгейі теңіз ойлары мен идеялары ұлттымыздың саяси сапасын жаңартып, әлеуметтік әлеуетін көтеріп, адамзат әлеміндегі өз орнымызды айқындай, күшейте түсері сөзсіз. Сол себепті сан ғасыр аңсап, осыдан 30 жылдан астам уақытта қол жеткен тәуелсіздік бұқара халқымыз арасында шынайы рухани серпіліс туғызуды үшін Мұстафа Шоқайдың айтқан «Шығыс рухымызды» айқындай түсіп, оны «Батыс білілімімен» ұштастыру аса құнды» деген сөздеріне де ой жіберген артық емес.

Өзінің бүкіл саналы құмырын, қажыр-қайратын, асыл мұрасын туған Отаны Түркістанның тәуелсіздігі мен ұлттық мемлекеті үшін күреске арнаған осындай ерекше ардақты тула туралы ол қайтыс болғаннан соң 1942 жылы 8 ақпанда Париждегі еске түсіруге арналған мәжілісте Украина Халық Республикасының Сыртқы істер министрі болған саяси қайраткер, профессор, эмигрант Александр Шульгин былай деп еді: «Егер Түркістан тәуелсіздік алып, М.Шоқай тірі болса, ол Джавахарлал Неру, Ататүрік сияқты қайраткер болар еді... Түркістан бір күндері жаңарып, өз батырларын еске алатынын, Мұстафаға Перовскіе де Ташкентте ескерткіш қоютынын білмеймін. Бірақ халық оған өз жүрегінен ескерткіш орнататынына көміп сенемін». Бұл сенім толық ақталып келеді.

Сыр елінің астанасы – Қызылорда қаласында орнаған зәулім ескерткіш сүйікті халық бүгінгі тәуелсіздік ұсынған талаптарды батыл шешіп, әлемдегі болып жатқан саяси-әлеуметтік жетістіктерді өзіміздің тарихи, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып қабылдап, еліміздің толыққанды тәуелсіз, өзімізді тәуелсіз елдің еркін азаматы болуға шақырып тұр десем, артық айта қоймаспын.

Әбдіжәлел БӘКІР,
саяси ғылымдардың докторы,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры

Мен 1986 жылдың ақпан айында аудандық партия комитеті бюросының шешімімен аудан орталығындағы №15 кәсіптік-техникалық училищенің директоры болдым. М.С.Горбачевтың қайта құру, плюрализм деген саясатының өршіп тұрған кезі. Ауыл шаруашылығына қажетті ауданда орта біліммен қоса кең көлемде машинист-тракторист мамандығы бойынша мамандар даярлайтын оқу орнының басшысы «айда арыздың» құрбаны болып, қызметтен босап, ұжымда оқу-тәрбие жұмыстары, еңбек тәртібі босаңсыған.

Желтоқсан желі бізге де соққан



Ауданға жұмыс сапарымен келген сол кездегі облыстың бірінші басшысы Е.Әуелбеков оқу орнында бірнеше рет болып, училищенің жұмысын басты назарда ұстады. 1986-1987 оқу жылынан бастап училищеде орта қысқа курстарды есептегенде жыл сайын оқушылар саны 640-қа жетті. 1986 жылы 17 желтоқсанда жұмысқа ерте келіп, жылу қазандығы, техникаларды, асхананы, жатақханадағы оқушылар жағдайын көзбен көріп, бас ғимараттың мұғалімдер бөлмесіне бардым. Келсем, ардагер ағамыз Болтай Тасыбаев, Темірхан Бекжанов, Сансызбай Досболов, Зордан Салықбаев пен оқушылар Мәскеуден «Уақыт» бағдарламасы бойынша түнде берілген соңғы хабарды қызу өңгімелеп отыр екен. Барлығымен амандасып, оқу ісі меңгерушісінің орнына отыра бергенімде Бекен айтмды атап: – Сен түнде Мәскеуден берілген «Уақыт» бағдарламасын көрдің бе? – деді.

Мен жылу маусымы басталғаннан түнгі 00:00-ге дейін жылу қазандығы мен жатақханадағы оқушылардың жағдайын бақылайтынымды, кейде теледидар көре алмайтынымды айттым.

– Хабарда диктор 16 желтоқсан күні Алматыда маскүнемдік пен нашақорлыққа салынған қаланың арнаулы орта кәсіптік-техникалық оқу орнының жастары көшінің бұзақыларымен бірге Республика алаңына жиналып, тәртіпсіздік жасағаны, Үкімет пен тәртіп сақшылары тарапынан айтылған талаптарына көнбегені, араларында қақтығыстар болғанын айтып, жағдай одан әрі шиеленісе түсуде деп хабарлады, – деді.

Мен сабырға шақырып, кабинетіме келіп отыра бергенімде аудандық партия комитетінен телефон шалып, сағат 10:00-де жиналыс болатынын айтты. Келсем, аудан активі, мекеме басшылары, бастауыш партия ұйымдары мен кеңшар партия комитеттерінің жатшылары түгел отыр. Жыл аяғы болғандықтан ауданның бірінші басшысы еңбек демалысында еді, жынды аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Е.Тұрабаев ашып, онда 16 желтоқсан күні Алматы қаласындағы маскүнемдік пен нашақорлыққа салынған қаланың бұзақылары мен арнаулы орта оқу орнының жастары Республика алаңына жиналып, т

4 ШЫРАҚ

Олимпиададан олжалы оралды

Елорда төрінде өткен білім бәйгесі Сыр өңірі үшін тағы бір мәрте мерейлі сәт сыйлады. 2025 жылдың 9-13 желтоқсаны аралығында ұйымдастырылған 9-11 сынып оқушыларына арналған қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы республикалық олимпиадада Қызылорда облысының командасы білім мен біліктің биігінен көрініп, жалпы командалық есепте 2-орын иеленді. Осы құрамда ауданнан барған оқушылар да білім бәйгесіне өз үлесін қосты.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық олимпиадада аудан жұлдызы жарқырады. Білім бәйгесінде Қодар Рабия мен Арғын Ернұр қарсыластарынан оза шауып, екеуі де алтын медальды қанжығаларына байлады. Олардың жеңіс тұғырына жетелеген жетекші ұстаздары – Манат Жақсылыққызы мен Гүлжанат Қуандыққызы үшін бұл күн еңбектің ақталған сәті болды. Қарапайым сыныптан басталған арман республикалық мінберде жүзеге асып, туған өлкенің мерейін үстем етті.

Ағылшын тілін тандаған Ернұр Бауыржанұлының бұл бағытқа келуі кездейсоқ емес. «Жыл басында-ақ алтын аламын деп өзіме мақсат қойдым» дейді ол. Сол мақсат оны мектепшілік, аудандық, облыстық кезеңдерден сүрінбей өткізіп, республикалық олимпиадаға жетеледі. Күдіз-түні ізденіп, бір сәтке де босаңсымау нәтижесінде барлық кезеңде биік тұғырдан көрінді. Ана тілі болма-



ғандықтан, кей тапсырмалардың алғашқыда қиындық удырғанын да жасырмады. Бірақ бұл көдергі жігерін жасыта алмады. Керісінше, алдыңғы жылдардың тапсырмаларын қайта-қайта талдап шыңдалды. Бес секция бойынша қатар сыналатын олимпиада да ол барлық бағытты тең ұстады. «Тілге деген қабілетім жастайымнан бар еді, сол мықты база болды» дейді ол сеніммен. Ернұрдың олимпиада жолы да ерте басталған. 5-сыныптан бері жалпыпәндік олимпиадаларға қатысып келеді. Өткен жылы ауыл олимпиадасының облыстық кезеңінде 1-ші орын алғанымен, республикалық кезеңнің болмауы көңіліне кірбің түсірген. Биыл барлық кезеңде бірінші орын алып,

республикалық деңгейдегі алтын медаль – кешегі табандылықтың жемісі. Ал Ернұрдың алдағы мақсаты одан да биік. Мектепті сәтті аяқтап, Емтихандарды жоғары тапсырып, халықаралық қатынастар және дипломатия мамандығына оқуға түсу – оның келесі асуы.

Аудан мектебінен түлеп ұшқан Рабия да республикалық олимпиадаларда бірнеше жыл қатарынан жүлдегер атанып, өз қабілетін нақты нәтижемен дәлелдеп жүрген алғыр оқушылардың бірі. Оның жетістігі уақытпен өлшенеді. Жетекшісі Манат Жақсылыққызы Рабияның дайындығын 10-сыныптан бастап жүргізгенін айтады. «Рабия – өте алғыр оқушы. Дайындыққа әрдайым жауапкершілікпен қарайды. Орыс тіліне

ерекше қызығушылығы бар. Соның арқасында тілдік қоры бай» дейді ол.

Шәкірттің тағы бір ерекшелігі – білмегенін жасырмай сұрап, түсіндірілген грамматиканы бірден меңгері алатын зеректігі. Дайындық барысында тек оқулықпен шектелмей, жан-жақты әдіс-тәмелік және дидактикалық құралдар пайдаланылған. Тіпті Ресей оқушыларына арналған тапсырмалады да талдап, ой көкжиегін кеңейткен. Интернеттегі алдыңғы жылдардың тапсырмаларын жүйелі сарапау, эссе жазу мен мәтінді талдаудың қыр-сырын меңгеру республикалық деңгейде сенімді өнер көрсетуге негіз болған. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі пәні бойынша сыңға түскен оқушы үшін бұл додо ерекше есте қалған.

– Олимпиада өте жоғары деңгейде өтті. Барлық облыстардан келген оқушылар қонақүйге орналастырылып, үш мезгіл ас толық қамтылд. Ауыл оқушылары үшін үлкен мүмкіндікке толы жоба арқасында жаңа достар тауып, тәжірибе жинадым. Бір апта ішінде бәріміз бір-бірімізге қатты үйреніп қалдық. Жан-жақтан жиналсақ та жеңістерімізге шынайы қуана білдік, – дейді жеңімпаз.

Республикалық олимпиадалардағы жеңіс жолы мұнымен шектелмейді. Аудан намысын қорғаған Әл-Фараби атындағы № 201 мектеп-лицейдің оқушысы Арнұр Нұрлыбекұлы үшін де бұл білім сайысы ерекше есте қалды. Ол бірнеше кезеңнен тұратын күрделі тапсырмаларды байыппен өңсеріп, қола медальды иығына тақты.

Жалпы Қызылорда облысынан 29 оқушы қатысып, соның 15-і жүлделі орынмен оралды. Ал Жалағаш ауданынан барған 7 оқушы үшін бұл сапар үлкен жауапкершілік пен сенім жүгін арқауланған сынақ болды. Ауданнан шыққан алғыр өрөндердің биік білім бөлестерін бағындыруы ел ертеңіне деген сенімді күшейтеді. Бүгінгі жеңіс – ертеңгі кемел көлешекің бастауы. Білімге сүйенген елдің болашағы да берік болары сөзсіз.

Гүлжан ЕСЖАН

Семинар

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі

«Руханият» орталығында аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменовтың қатысуымен «Тіл саясатының өзекті мәселелері» атты семинар өтті. Жиында мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Бібіәсия Дүйсенбиева, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы аудандық филиалының төрайымы Дина Мирман, білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Салтанат Қосжанова мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты ой-пікірлерін ортаға салды. Іс-шара соңында тіл саясатын дамытуға үлес қосқан бірқатар сала қызметкері марапатталды.

– Мемлекет басшысының бастама-сымен тілімізді дамыту жолында ел көлемінде мазмұнды да мағыналы іс-шаралар қолға алынуда. Тарихты тұлғалар қалыптастырса, ұлттың әкесі – тарих, анасы – тіл. Сондықтан тіл саясатының жүзеге баршамаыз жұмыла аталысуымыз қажет, – деді Ғани Сүлейменов.

Бұл сөздің астарында бүгінгі міндетпен қатар ертеңге деген аманат жатыр. Иә, тіл – ұлттың жүрегі, рухтың тынысы. Тіл бар жерде – халық бар, тілдің тұғыры биік болса, елдің де еңсесі биік. Ана тілінде сөйлеп, ой қорыта білген қоғам ғана өзінің болмысын жоғалтпайды. Сол себепті мемлекеттік тілге деген құрмет әр азаматтың ішкі мәдениетінен бастау алуы тиіс.

– Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде қоғамдық орындардағы жарнамалар мен көрнекі ақпараттардың маңызы айрықша. Сауатсыз аудармалар сананы сарқып, сөздің қадірін кетіретіні жасырын емес. Сол үшін маңдайша мен жазбалардағы әр өріп, әр сөз жан талпаттарына ғана емес, ұлттық талғамға сай болуы қажет. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» заңының 21-бабына сәйкес көрнекі ақпараттар алдымен мемлекеттік тілде жазылуы тиіс. Тіл саясатын тиімді жүзеге асыру үшін нақты міндеттер айқындалып, осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді, – дейді аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

Ауданда көрнекі ақпараттардағы жарнама мәтіндерін сүзгінен өткізу, ас мезірлеріндегі аудармаларды таразылау арқылы тіл мәдениетін көтеруге бағытталған түсіндіру жұмыстары қарқын алды. Бұл – бір реттік науқан емес, қоғамдық санаға әсер ететін маңызды үрдіс. Осы бағытта кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты 52 нысан қамтылып, тілдік талаптың мәні мен маңызы түсіндіріліп, нақты қадамдарға қол жеткізілді. Нәтижесінде «Ақжол», «Достар», «Маракеш» сынды тамақтану орындарының ас мезірлері мемлекеттік тілде сөйлеп, ұлттық тілдің салмағын сезіндіре бастады.

Алайда мәселе тек маңдайша мен мезірде ғана емес. Аудандағы мемлекеттік мекемелердің ресми саяттары мен әлеуметтік желілеріндегі жазбаларда да тілдік олқылықтар жиі ұшырасады. Кезге бірден түсе бермегенімен, уақыт өте

келе тіл мәдениетіне сызат түсіретін жайт. Осыған орай келер жылдан бастап тексеру жұмыстары күшейтіліп, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 729-бабының 2.1-тармағына сәйкес және 75-бабында көзделген талпаттарға сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарау, тиісті жаза қолдану тетіктері іске қосылмақ.

Бүгінде жиі тіркелетін кемшіліктердің қатарында хабарландырулардың тек орыс тілінде берілуі, маңдайшаларға өзге тілдің басымдық алуы бар. Бұл – заңға да, елдік санаға да сын. Осындай сөтте Халықаралық қазақ тілі қоғамы бірлестігінің еңбегі ерекше аталады.

Олар тілдің тағдырын тек сөзбен емес, іспен қорғап, қазақ тілінің қоғамдық болып келеді. Бүгінде жиі тіркелетін кемшіліктердің қатарында хабарландырулардың тек орыс тілінде берілуі, маңдайшаларға өзге тілдің басымдық алуы бар. Бұл – заңға да, елдік санаға да сын. Осындай сөтте Халықаралық қазақ тілі қоғамы бірлестігінің еңбегі ерекше аталады.

Олар тілдің тағдырын тек сөзбен емес, іспен қорғап, қазақ тілінің қоғамдық болып келеді. Бүгінде жиі тіркелетін кемшіліктердің қатарында хабарландырулардың тек орыс тілінде берілуі, маңдайшаларға өзге тілдің басымдық алуы бар. Бұл – заңға да, елдік санаға да сын. Осындай сөтте Халықаралық қазақ тілі қоғамы бірлестігінің еңбегі ерекше аталады.



Мектеп табалдырығынан бастау алатын тіл тағдыры бүгінде тек сабақ кестесінде ғана емес, тәрбиелік кеңістікте де айқын көрініс табауда. Білім беру ұйымдарында ұйымдастырылатын түрлі рухани-танымдық шаралар оқушының жүрегіне ана тілінің қасиетін сіңіруді мақсат етеді. Оқушылар мен тіл жанашырларының басын қосатын кездесулер, ұлттық рухты ұлықтаған дәстүрлі Абай, Әбіш, Махамбет, Ілияс Жансүгіров, Маржан Мөшһүр Жүсіп, Мұқағали оқулары жас ұрпақтың сөз қадірін терең сезінуіне жол ашып жүр.

Қазақ тілінің болашағы қағзадағы жоспармен емес, сыныптағы тірі сөзбен қалыптасады. Ал сол сөздің шырағын өшірмей келе жатқан мұғалім – тіл саясатының ең басты тірегі. Аудан бойынша қазақ тілі мен әдебиетінен 114 ұстаз сабақ береді. Олардың ішінде 2 шебер, 49 педагог-зерттеуші, 25 педагог-сарапшы, 33 педагог-модератор, 5 педагог бар.

Қыркүйектің алғашқы күндерімен бірге білім ордаларына ерекше бір рух өнеді. Ұлттың рухын ұлықтаған, тіл қадірін терең танытатын тағылымды құн алаштың ардақты перзенті Ахмет Байтұрсынұлының туған күнімен тұспа-тұс келеді. Осы атаулы дата жыл сайын білім беру ұйымдарында мазмұнды шаралармен атап өтіледі.

Салмақты жиын салмақты үнмен өрбіді. Ақ жаулықты ана, тіл жанажыры Дина алай баяу қадаммен ортаға шығып, қызыл жолағы бар микрофонды жайлап өзіне бұрды. Дауысы байыпты, сөзі нық. Айтылар ой жылдар жүгін арқалаған тәжірибеден туған. Ол әңгімесін алыстан бастады.

– 1991 жылы ауданда құрылған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы – тәуел-

сіздіктің алғашқы тынысымен бірге бой көтерген рухани ұйым. Алғашқы жылдары ақын, журналист Жақсыбай Сарбалаев қоғамдық қор тізгінін ұстап, тіл тағдырына жауапкершілікпен қарады. Кейін, 2011-2012 жылдары бұл істі сол уақыттардағы «Жалағаш жаршысы» газетінің редакторы Ғазиза Әбілда жағастырды. Біз бір орында тұрған жоқпыз. Облыстық семинарлар өткізіп, білім саласымен, Тілдерді дамыту бөлімімен тығыз байланыс орнаттық. Оқушылар арасында да түрлі байқаулар ұйымдастырдық, – дейді он жылдан аса осы істің басы-қасында жүрген ол.

Айтылған сөздің әр жағында атқарылған істің ізі анық байқалады. Талай жиын мен талқылаудың куәсі болған жанға қоғам жұмысының жетістігі де, кемкетігі де оған етене таныс. Еңбек жүгін үнсіз арқаулап жүрген үлгі жанажырлары барда, қазақ тіліне деген құрметтің де өз орны маңызын жоғалтпақ емес.

Қорыта айтқанда, бүгінгі тіл саясаты жалаң ұран емес, қоғамның барлық саласын қамтыған жүйелі жұмысқа айналып отыр. Уақыт алмасасы, талап өзгереді. Алайда ұлтты ұйыстыратын, елді ел ететін басты құндылық еқшақшан күн төртібінен түскен емес. Ана тіліне арналған әрбір бастама – ұрпақ санасына себілген рухани дән. Сол дәннің бүгін көктеп, ертең тамыр жаюы үшін мемлекет пен қоғам бір арнаға тоғысып, жан-жақты жұмыс жүргізіп отыр.

Сөз қадірі артқан жерде сана сергек. Демек бүгінгі тіл саясаты – ұлттық болмысты сақтаудың ғана емес, рухани кемелденудің берік келіпі.

Г.БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

Тағылым

Білім саласында қажырлы еңбек етіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде өзінің қолтаңбасын қалдырған Раушан Қожагелдиеваның есімі Жалағаш жұртына етене таныс. Алғаш еңбек жолын 1979 жылы Жалағаш ауданына қарасты сол кездегі Қышбөгет елді мекеніндегі №236 орта мектепте мұғалім болып бастаған ол 1981-1982 оқу жылында Жалағаш кентіндегі №246 орта мектепте ұстаздық қызметін жалғастырды. Ұлағатты ұстаз 1982 жылдан бастап 2017 жылға дейін Таң ауылындағы №118 орта мектепте жемісті қызмет етіп, құрметті еңбек демалысына шықты.

Ұстаз еңбегі ұлықталды



Білікті педагог 40 жылға жуық ғұмырын мектеп қабырғасында өткізді. Мыңдаған шәкірттің қолына қалам ұстатып, жазуды үйретіп, әріп танытып, қаншама балаға бағдаршам болды. Саналы ғұмырында қажыр-қайратын, қарым-қабілетін ұлт болашағы жас ұрпақтың тәрбиесіне арнады. Бүгінде білікті педагогтан білім алған шәкірттері әр салада жеткен жетістігін ұлағатты ұстаздан алған білімімен, тәлім-тәрбиесімен байланыстырады. Кезінде ұлағатты ұстаздың жетекшілігімен бірнеше сайыста, олимпиадаларда, шығармашылық байқауларға қатысқан оқушылары білім бәйгелерінде биіктен көрініп, шәкірттері мектептің мақтанышына айналды. Бірқатар шәкірті «Үздік аттестат», «Алтын белгі» иегері атанды. Оқушылары ҰБТ-дан жоғары балл жинап, еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алу мүмкіндігіне ие болды.

Таң ауылындағы №118 орта мектепте «Ы.Алтынсарин» тес-белгісінің иегері, ұлағатты ұстаз Раушан Қожагелдиеваны еске алуға арналған тағылымды шара өтті. Онда білім саласында ұзақ жыл абыройлы қызмет атқарып, шәкірт тәрбиелеуде елеулі із қалдырған Раушан Жарылқапқызының өмірі мен еңбегі ескеріп ұрпаққа кеңінен насихатталды.

Іс-шараға облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Есжанов, «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай және аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, ұлағатты ұстаздың отбасы, бауырлары, әріптестері, шәкірттері және ауыл тұрғындары қатысып, жүрекжарды естеліктерімен бөлісті.

Тағылымды шарада орта мектеп базасынан ұстаздың құрметіне арнайы кабинет ашылып, оның өмір жолы мен еңбек жолынан сыр шеретін бұрыштар ұйымдастырылды. Сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушыларына арналған логикалық олимпиада өтті. Логикалық олимпиадаға қатысқан аудан оқушылары мен бастауыш сынып мұғалімдері тапқырлық пен білімдерін ортаға салып, жеңімпаздар облыстық білім басқармасы басшысының арнайы дипломдарымен және отбасының тағайындаған бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

Жаны жаңалыққа құмар тәжірибелі педагог өзінің ерен еңбегінің арқасында зейнет жасына үлкен абырмын жетті. Білімді де білікті, әрбір ісіне тынғылықты, ұрпақ тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын ұлағатты ұстаздың еңбегі жоғары бағаланып, сан мәрте құрметке бөленді. 1983 жылы ҚазЛКСМ Жалағаш аудандық комитетінің және аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасына ие болса, 1992-2001 жылдары оқушы мен тәрбие берудегі үлгілі еңбегі үшін аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Ол 1997 жылы аудандық атаулы мектептің шығармашылық ізденіс жұмыстарына белсене араласқаны үшін де «Құрмет» грамотасына лайық деп танылды. Ал 2006 жылы облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасы берілді. 2012 жылы аудан әкімінің алғыс хатына ие болса, араға екі жыл салып, облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен марапатталды. 2017 жылы облыс әкімі орынбасарының алғыс хатына ие болса, 2023 жылы ҚР Оқу-ағарту министрінің алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат ұзақ жыл бойы табанды өткен еңбектің жемісі екені даусыз.

Раушан Қожагелдиеваның тек ауданның ғана емес, еліміздің білім саласында серпін қалыптастыруда өзіндік қолтаңбасы бар. Қазір оның салаға сіңірген еңбегін, басқа да алған марапаттарын тізе берсек, өз алдына бір еңбекке арқау болары анық. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында ұстаздар күніне арналған салтанатты жиында саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлағатты ұстаз Раушан Жарылқапқызына Білім және ғылым министрлігінің «Ы.Алтынсарин» төсбелгісі табысталды. Білім беру саласындағы ең жоғары бұл марапат осынау ұстаздық ғұмырына берілген лайықты баға деп білеміз.

Бұл шара – жай ғана білім сайысы емес, ұстаз еңбегіне көрсетілген құрмет пен шәкірттерге артылған зор сенімнің жарқын көрінісі болды. Облыстық білім басқармасының басшысы Асқарбек Темірбекұлы саналы ғұмырын бала тәрбиесіне арнаған ұстаздық мамандыққа адал болған Раушан Жарылқапқызы туралы естелігімен бөлісті. Сонымен қатар рухани көште сөз алған партияның облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, ұлағатты ұстаздың еңбегін ұрпаққа үлгі етуден қатты көңілдерін патриоттық рухта тәрбиелеген асыл жанның рухына көрсетілген шынайы құрмет екенін атап өтті. «Аманат» партиясы атынан олимпиадаға қатысушы ұстаздар алғыс хатпен марапатталып, аудан әкімдігі атынан арнайы ашылған оқу кабинеті үшін бағалы сыйлық табысталды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ



Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицикатланған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №2142

Кезекші редактор: Гүлжан Есжан